МАМЫР
– ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

“” Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

БҮГІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЙБЫНДЫ АРМИЯСЫ БАТЫР БАБАЛАРДЫҢ ДАҢҚТЫ ЖОЛЫН ЛАЙЫҚТЫ ЖАЛҒАСТЫРЫП КЕЛЕДІ. САЙЫПҚЫРАН САРБАЗДАРЫМЫЗ – ҚАСИЕТТІ ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ БЕРІК ҚАЛҚАНЫ. ОЛАР ЕЛІМІЗДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫН, ЖЕРІМІЗДІҢ ТҰТАСТЫҒЫН ҚАС ҚАҚПАЙ КҮЗЕТІП ТҰР.

№53
(4951)
Бейсенбі
7 мамыр
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ҚҰРМЕТТІ АСТАНАЛЫҚТАР!

Сіздерді Отан қорғаушы күні мерекесімен құттықтаймын!

7 мамыр – Отанға адалдықты, ерлік пен ар-намысты айшықтайтын ерекше күн. Бүгін біз ел қауіпсіздігін күзетіп, азаматтарымыздың бейбіт өмірі мен тыныштығын қорғап жүрген, Отанға қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан жандарға шынайы алғысымызды білдіреміз.

Күшті армия – мемлекеттің тұрақтылығы мен Тәуелсіздігінің негізі. Патриотизм мен әскери борышқа адалдықтың үлгісін көрсетіп, өскелең ұрпаққа тәрбие беріп келе жатқан ардагерлерге ерекше алғыс айтамыз.

Елорда гарнизоны, әскери бөлімдер, курсанттар мен офицерлер елдің қорғанысын нығайтуға, мемлекет қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге зор үлес қосып келеді.

Баршаңызға мықты денсаулық, амандық, тыныштық, болашаққа сенім және еліміздің игілігі жолындағы қызметте табыс тілеймін!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі



ЖИ көмегімен жасалды



ҚАҺАРМАНҒА ҚҰРМЕТ

4-БЕТ |



ТҮЛЕКТЕР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

5-БЕТ|

ОТАН ҚОРҒАУ – АСЫЛ ПАРЫЗ

МАЙДАНГЕРГЕ – 5 МИЛЛИОН

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 81 жылдығы қарсаңында жергілікті әкімдіктер бюджет есебінен ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне біржолғы материалдық көмек көрсетеді.

Мереке аясында Қазақстанда тұратын ҰОС ардагерлерінің әрқайсысына 5 млн теңгеден (10 мың доллардан астам) төленеді. Жалпы алғанда, әкімдіктер тарапынан берілген мерекелік төлемдер 32,9 мың адамды қамтыды. Олардың қатарында ҰОС ардагерлері, сондай-ақ Жеңіске үлес қосқан өзге де азаматтар бар (тыл еңбеккерлері, қаза тапқан жауынгерлердің жесірлері, жарақат, контузия немесе мертігу салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамдардың жұбайлары және тағы басқалары).

ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ БЕРІЛЕДІ

Елордада жұмыспен қамтуды арттыру мақсатында қысқамерзімді кәсіптік оқыту мен кәсіпкерлікті қолдау шаралары жүзеге асырылып жатыр.



– Қысқамерзімді кәсіптік оқыту 1 айдан 6 айға дейін созылады. Оқыту оқу орталықтарында да, жұмыс берушілердің өтінімі бойынша тікелей жұмыс орындарында да ұйымдастырылады. Бұл жағдайда қатысушыларға 43574 теңге көлемінде шәкіртақы төленеді, ал жұмыс орнында оқығандар 86500 теңге жалақы алады. Оқыту дәнекерлеу, кондитерлік, токарь, слесарь ісі, сондай-ақ еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бағыттары бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар 2026 жылы әлеуметтік осал топтарға жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 260 мемлекеттік грант беру жоспарланған. Грант көлемі – 400 айлық есептік көрсеткіш, ол қайтарымсыз негізде ұсынылады, – деді Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ директоры Олжас Омар.

ТАЗАЛЫҚТЫ ДРОНМЕН БАҚЫЛАЙДЫ

«Таза Қазақстан» республикалық экология акциясы аясында бас қалада тазалық және абаттандыру ережелерінің сақталуы дронмен бақыланады.

Тазалық және абаттандыру ережелерінің сақталуын анықтау үшін Астана қаласы полиция департаменті Жедел басқару орталығының камералары мен дрондар белсенді пайдаланылады. Олар заңсыз қоқыс орындарын, оның ішінде қала шетінде орналасқан аумақтарда жедел анықтауға мүмкіндік беріп отыр. Жыл басынан бері қалада абаттандыру ережелерін бұзудың шамамен 19 мың фактісі тіркелген. Сонымен қатар қалдықтарды белгіленбеген орындарға тастау деректері бойынша Астана қаласының Экология департаментіне шамамен 400 материал жолданып, тиісті шара қабылдау үшін жіберілген.



№53 (4951) 07/05/2026 Бейсенбі





МАҚСАТЫМЫЗ – БИІК, БАҒДАРЫМЫЗ – АЙҚЫН

Қазақстан Президенті мемлекеттік марапат және әскери шен тапсыру рәсімінде сөз сөйледі. Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштері Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сардарлар мен сарбаздарды, жиынға қатысушыларды Отан қорғаушы күнімен және Жеңіс күнімен құттықтады.

АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ – ҚАСТЕРЛІ БОРЫШ

«Қос мерекенің мән-мазмұны үндес, тағылымы ортақ. Осы мейрамдарда еліміздің ерлік дәстүрі кеңінен дәріптеледі. Біз бұл күндері жұртымызға қорған болып жүрген ерлерге құрмет көрсетеміз. Сондай-ақ сұрапыл соғыста Отан үшін от кешкен батырлардың рухына тағзым етеміз. Қазақ – шекарасын ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен бекемдеген қаһарман халық, ержүрек ұлт. Батыр бабаларымыз ел тағдыры сынға түскен сәтте бір тудың астына жиналған. Бірлігін нығайтып, жұртын жаудан қорғаған. Байтақ даланы көздің қарашығындай сақтап, ұрпаққа аманат еткен. Осы аманатқа адал болу – біздің қастерлі борышымыз. Біртұтас Қазақстан халқы мұны жақсы түсінеді. Наурыз айындағы конституциялық реформа – соның айқын дәлелі. Саяси науқан кезінде біз ең алдымен өскелең ұрпақ алдындағы жауапкершілікті терең сезіне отырып, тарихи таңдауымызды жасадық. Бәріміз бір ел болып, жаңа Конституцияны қабылдадық. Мұны ұлт болашағына тікелей ықпал ететін аса маңызды шешім десек, қате болмайды» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Конституция мемлекеттігіміз бен егемендігіміздің мызғымас кепілі екенін атап өтті.

«Бас құжатта халқымыздың мүддесі, мақсат-мұраты мен бірегей құндылықтары көрініс тапты. Жаңа Ата заңда Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, халқымыздың әл-ауқатын арттыру, бірлігін күшейту бұлжымас қағидат ретінде айқындалды. Адам капиталын, білім-ғылымды, инновацияны дамыту мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты ретінде бекітілді. Осылайша, біз Заң мен тәртіп үстемдік құратын, баршаға бірдей мүмкіндік берілетін, Әділетті, Қуатты, Өркениетті мемлекет құру жолына бет алдық. Қазақстанның мақсаты – биік, бағдары – айқын. Ырысты ынтымағымызды және берекелі бірлігімізді сақтай білсек, осы мұратымызға жетеміз» деді Мемлекет басшысы.

ҚАЗАҚ АРМИЯСЫНА СЕНІМ ЖОҒАРЫ

Президент егемен еліміз Қарулы күштерге зор сенім артып отырғанына тоқталды.

«Бүгінде Қазақстанның айбынды армиясы батыр бабалардың даңқты жолын лайықты жалғастырып келеді. Сайыпқыран сарбаздарымыз – қасиетті Тәуелсіздігіміздің берік қалқаны. Олар еліміздің тыныштығын, жеріміздің тұтастығын қас қақпай күзетіп тұр. Күштік құрылымдар заң үстемдігін, қоғамдық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде. Құтқарушылар қатерден қаймықпай, азаматтардың амандығы үшін тынымсыз еңбек етіп жүр. Жауынгерлеріміз күрделі міндеттерді табысты орындап, халықаралық тұрақтылықты нығайту ісіне де зор үлес қосуда. Қазақстан – Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік миссиясын дербес орындау мәртебесіне ие болған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы ішіндегі жалғыз мемлекет. Бұл әлем елдерінің қазақ армиясына деген сенімі жоғары екенін көрсетеді» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сарбаздарымыз арнайы жасақтар мен күштік құрылымдар арасындағы жаһандық додаларда тамаша жетістікке қол жеткізіп жүргенін айтты.

«Биыл Дубайда өткен ауқымды халықаралық жарысқа еліміздің бес командасы қатысып, жүлдемен оралды. Байрақты бәсекеде бірінші және екінші орынды Қазақстан құрамасы еншіледі. Әсіресе, әйелдер арасында топ жарған «Томирис» командасының қарым-қабілетіне жаһан жұрты тәнті болды. Мұның бәрі де рухы мықты, қажыр-қайраты мол, Отан алдындағы антқа адал сарбаздарымыздың ерен еңбегінің жемісі екені айқын. Мемлекет осындай айбынды жауынгерлерімізді қашанда қолдайды. Бұл – ең алдымен, ел мүддесі үшін, яғни, ұлтымыздың келешегі үшін аса маңызды міндет» деді Президент.

ЕРЛІК ЕШҚАШАН ЕСКІРМЕЙДІ

Мемлекет басшысы бүгінгі таңда армияны заман талабына сай нығайтып, еліміздің қорғаныс қабілетін арттыруға қажетті барлық шара қабылданып жатқанына назар аударды.

«Қауіпсіздік мәселелері, еліміздің қорғаныс қабілетін күшейту, қызметтердің беделін көтеру – негізгі мемлекеттік басымдықтар мен міндеттер. Соңғы жылдары әскери қызметшілерге, құқық қорғау және арнаулы органдар қызметкерлеріне кеңінен қолдау көрсетіліп келеді. Атап айтқанда, ипотекалық бағдарламалар іске қосылды, еңбекақы көлемі кезең-кезеңімен артып, әлеуметтік жеңілдіктер көбейді. Күштік құрылымдар сапына жастарды көптеп тартып, кадрлық әлеуетті нығайту ісіне көңіл бөлінуде. Мен әскери оқу орындарының үздік түлектерін ынталандыру жөнінде тапсырма бердім. Парламентте үздік білім алушыларға оқуды тәмамдаған кезде бірден «аға лейтенант» дәрежесін беруге қатысты тиісті түзетулер қарастырылып жатыр. Жалпы, биыл және келесі жылдар әскери білім беру сапасын арттыруға арналуы керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, еліміздің аумақтық тұтастығын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, «Заң және тәртіп» идеологиясын орнықтыру жауапты әрі жасампаз патриотизммен тығыз ұштасатын аса маңызды міндет.

«Біз құқықтық нигилизмге жол бермейтін, аңыздағы немесе қолдан жасалған «батырларды» емес, бұрынғы және бүгінгі нағыз қаһармандарды құрмет тұтатын үйлесімді қоғам құруымыз қажет. Туған елі мен халқының игілігі жолында адал қызмет еткен, ар мен намысты бәрінен биік қойған азаматтар жастарға үлгі болуға тиіс. Олардың қатарында қаза тапқаннан кейін ерліктері мен батырлықтары еленіп, орден-медальмен марапатталған әскерилер, полицейлер, құтқарушылар, арнаулы орган қызметкерлері де аз емес. Менің бастамаммен олардың есімдері көшелер мен түрлі мекемелерге беріліп жатыр. Мұндай тәсілді ведомстволық наградаға қатысты да пайдалануға болады. Осындай алғашқы марапаттың бірі – он бес жыл бұрын жанынан безген терроршыны ұстау барысында қаза тапқан полиция капитаны Ғазиз Байтасов атындағы медаль. Біздің мақсатымыз – батырларымыздың ерлігін мәңгі есте қалдыру, отандастарымыздың жарқын бейнесін жүрегімізде сақтау, өскелең ұрпақты нағыз ерлікке, қайсарлыққа және шынайы патриотизмге тәрбиелеу» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, ерлік ешқашан ескірмейді.

«Баһадүр бабаларымыз рухы асқақ, намысы биік екенін ерен ерлігімен дәлелдеп келді. Даңқты ерлеріміз Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қайтпас қайсарлықтың озық үлгісін көрсетті. 500-ге жуық жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атанды. Алайда көптеген майдангердің ерлігі еленбей қалғаны да жасырын емес. Ұлтына қорған болған ержүрек жауынгерлердің есімін ұрпақ жадында сақтауымыз керек. Бұл – біздің перзенттік парызымыз» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы орайда отандасымыз Кенжебай Мәденовтің ерлігін ерекше атап өтті.

«Ұлы Отан соғысының соңында ол взвод командирі ретінде қандыкөйлек жолдастарымен бірге Берлиннің Ратуша ғимаратына Жеңіс туын ілді. Бұл нацистік режимнің күйреуін көрсеткен, майдангерлердің рухын көтерген, шабуылды одан әрі үдете түсуге дем берген сәт еді. Оның қаһармандық жолы туралы маршал Георгий Жуков және басқа да мықты қолбасшылар, сондай-ақ жеңіспен аяқталған қанды шайқас жөнінде қалам тербеген журналистер де жазды. Өкінішке қарай, бұл тарихи мән-маңызы айрықша даңқты ерлік осы кезге дейін лайықты бағасын алған жоқ. Сондықтан мен Ұлы Отан соғысында көрсеткен жанқиярлығы мен батылдығы үшін марқұм Кенжебай Мәденовке «Халық қаһарманы» атағын беру туралы Жарлыққа қол қойдым. Осылайша, біз бүгін бір ел болып тарихи әділдікті қалпына келтіріп отырмыз» деді Мемлекет басшысы.

БАТЫР ЕЛІ ҮШІН ТУАДЫ

Президент Қазақстан өткенге зор құрметпен, болашаққа үлкен үмітпен қарайтын бейбіт ел екенін жеткізді.

«Біз кез келген қақтығыс дипломатиялық жолмен, келіссөздер арқылы шешілуге тиіс деп есептейміз, әрқашан «ас пен тас» стратегиясын жүргізуге дайын болуымыз қажет. Біз халықаралық құқық қағидаттары мен нормалары қатаң сақталуы керек деп санаймыз. Қазақстан әлемнің барлық елімен достық қарым-қатынасын нығайта береді. Осы мызғымас ұстанымдар жаңа Ата заңымызда нақты айқындалды. Бірақ бұл қамсыз отыру қажет деген сөз емес. Еліміз түрлі сын-қатердің алдын алуға және кез келген қауіпке төтеп беруге дайын болуға тиіс. Сондықтан мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін күшейтіп, әскерімізді ең бірінші кезекте технологиялық тұрғыдан жаңғырта беруіміз қажет. Бұл – қазіргі тұрақсыз, құбылмалы заманның талабы, соны ескере отырып, ең алдымен, Қарулы күштерімізді және әскери мекемелерімізді түбегейлі реформалау керек. Бұл – стратегиялық маңызы зор міндет, оны созбай, екі жыл ішінде орындау қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халқымызда «Батыр елі үшін туады» деген сөз барын, елге қорған болу ең абыройлы қызмет екенін айтты.

«Нағыз патриот азамат үшін бұдан асқан мәртебе жоқ. Күштік құрылым қызметкерлерінің күнделікті табанды еңбегі ел үшін жасалған ерлік екені сөзсіз. Сіздер әрқайсыңыз сертке берік болып, Отан алдындағы міндеттеріңізді мінсіз орындап жүрсіздер. Мен Мемлекет басшысы және Жоғарғы Бас Қолбасшы ретінде баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Бүгін сіздерге әскери атақ пен сыныптық шен беру туралы тиісті Жарлыққа қол қойдым. Бұған қоса бірқатар азаматты жоғары мемлекеттік наградамен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Баршаңызға құтты болсын!» деді Президент.

АУСТРИЯНЫҢ ҮКІМЕТ МҮШЕЛЕРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Аустрия еуропалық және халықаралық істер федералдық министрі Беате Майнль-Райзингер мен Аустрия ішкі істер федералдық министрі Герхард Карнермен кездесу өткізді.

Президент мәртебелі меймандарға ілтипат білдіріп, елімізге Аустрия министрлерімен бірге іскерлік орта өкілдерінен құралған делегацияның келуі маңызды екенін атап өтті.

«Аустрия Үкіметінің екі бірдей министрінің елімізге сапармен келуі өзара ынтымақтастықты нығайту тұрғысынан өте маңызды. Аустрия – Қазақстанның сенімді әрі бұрыннан келе жатқан стратегиялық серіктесі. Сіздердің экономикамызға құйған инвестицияларыңыз 3 миллиард доллардан асты, сондай-ақ сауда айналымының көлемі ұлғайып келеді. Бұл – өте жақсы үрдіс. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымы және ЕҚЫҰ аясында тығыз қарым-қатынас орнаттық. Мұндай байланыстар алдағы уақытта да жалғаса береді деп ойлаймын. Аустрия – көптеген бағытта қарқынды дамыған ел. Сондықтан қол жеткізілген ынтымақтастық деңгейін жоғары бағалаймыз. Сіздер үшін Қазақстан аймақтағы маңызды рөлін сақтап қалады деген сенімдеміз. Қазіргі таңда Аустрияның Орталық Азия мемлекеттерімен арадағы сауда қатынастарында Қазақстанның үлесі 80 пайыздан жоғары» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент екі елдің салалық министрліктері мен ведомстволары арасындағы ықпалдастықтың жандануын құптады. Атап айтқанда, биыл мамыр айынан бастап дипломатиялық паспорт иелері үшін визасыз режим туралы және реадмиссиялау жөніндегі келісімдер күшіне енді. Мемлекет басшысы заманауи сын-қатерлердің трансшекаралық сипаты ұлғайып бара жатқанына тоқталып, осы орайда құқық қорғау органдарының өзара байланыстарын тереңдету қажет екенін айтты.

Беате Майнль-Райзингер мен Герхард Карнер Қасым-Жомарт Тоқаевқа кездесуге мүмкіндік жасағаны үшін алғыс айтып, Президент Александр Ван дер Белленнің ыстық ықыласын жеткізді.



№53 (4951) 07/05/2026 Бейсенбі



ЗАУЫТТА ӨТКЕН КЕЗДЕСУ

Астана қаласы мәслихатының депутаты Ләззат Разбекова кезекті есеп беру кездесуін «Ақмола вагон жөндеу зауыты» АҚ мекемесінде өткізді. Ашық диалог форматындағы жиынға зауыт ұжымы, округ белсенділері мен тұрғындар қатысты.

Кездесу барысында ол тікелей бақылауда ұстап отырған жұмыстардың нәтижесімен бөлісті. Өз сөзінде Amanat партиясының Жол картасымен бекітілген іс-шаралардың 90%-ға жуығы орындалғанын, қалғаны жүзеге асырылу үстінде екенін жеткізді. Оның айтуынша, сайлау округіндегі 500-ден астам тұрғынға материалдық көмек көрсетілді. Қазір Өндіріс және Казгородок тұрғын алаптарын газдандыру жұмысы жалғасуда. Өндірісте жаңа емхананың құрылысы қолға алынды. Қауіпсіздік үшін «Тұлпар» сауда орталығы мен Өндіріс маңайына бейнебақылау камералары орнатылды. Бұл күнде депутат «Тұлпар» сауда үйі артындағы ескі, апатты жағдайдағы үйлерді, әл-Фараби көшесі, 49/5 мекенжайындағы ескі жатақхананы және Казгородоктағы 1954 жылы салынған «Социум» тұрғын үй кешені аумағындағы үйді ысыру мәселелерімен белсенді айналысуда.

БАЙҚОҢЫРДА – ЖАҢА АУЛА

Елорданың Байқоңыр ауданында Отан қорғаушы күніне орай кешенді түрде абаттандырылған кезекті аулалар салтанатты түрде ашылды. Жаңарған аумақтар тұрғындардың пайдалануына берілді.



Ауқымды жаңарту жұмысы Отырар көшесіндегі 7, 9 және 11-үйлердің аулаларында жүргізілді: 8000 шаршы метрден астам аумаққа асфальт төселіп, 4000 шаршы метрден астам жерде төсемтас жаңарды. Балалар мен белсенді демалысқа ерекше көңіл бөлінді. Аулаларда 4 жаңа ойын алаңы орнатылып, спорт және workout аймақтары жабдықталды. Айта кету керек, бұл аулалардағы балалар ойын алаңдары соңғы рет 2019 жылы жаңарса, төсемтас 2003 жылдан бері ауыстырылмаған. Қазіргі таңда бұл үйлерде 300-ден астам бала тұрады. Жаңарған аулалар олар үшін ойын мен демалысқа арналған көптен күткен кеңістікке айналды. Жалпы биыл Байқоңыр ауданында 70 ауланы абаттандыру жоспарланған. Оның ішінде 20 аула толық жаңғыртудан өтсе, тағы 50 аулада жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүргізіледі. Еске салайық, осы аудандағы алғашқы 3 жаңартылған аула 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай ашылған еді.



Қымбатты елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Отан қорғаушы күнімен шын жүректен құттықтаймын! 7 мамыр – еліміздің бейбітшілігі, қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін қорғап тұрған азаматтарға деген мақтаныш сезімін біріктіретін ерекше күн. Бұл мереке ұрпақтар сабақтастығын, әскери қызметке деген құрметті және Отан алдындағы жоғары жауапкершілікті айшықтайды. Ерлік, табандылық, рух күші, антқа адалдық және кез келген сәтте туған жерін қорғауға дайын болу – біздің қорғаушыларымызға тән басты қасиеттер. Біз ардагерлерге, әскери қызметшілерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне және ел тыныштығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етіп жүрген барша азаматтарға ерекше құрмет білдіреміз. Бұл мереке – тек құрмет көрсету ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы бейбітшілік, бірлік пен келісімнің маңызын еске салатын күн. Ортақ болашағымыздың қандай болатыны, еліміздің қаншалықты қуатты әрі өркендеген мемлекетке айналуы әрқайсымызға байланысты. Сіздерге зор денсаулық, амандық және жарқын болашаққа сенім тілеймін! Әр шаңырақта тыныштық пен береке орнап, барлық бастамаларыңыз табысты болсын!

Табиғат ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Ардақты Отан қорғаушылар!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Биыл еліміздің Қарулы күштерінің құрылғанына 34 жыл толып отыр. Осы жылдары Қарулы күштеріміздің қуаты нығайды, айбыны асқақтады, даңқы арта түсті. Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымыздың қорғаныс әлеуетін арттыруға айтулы үлес қосқанын біз әрқашан мақтан тұтамыз. Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Біз ерлеріміздің ержүрек ісіне сай сый-құрмет көрсете отырып, олардан өнеге алып, өсетін жас ұрпақ Отанына адал қызмет етеді деп сенеміз. Ержүрек және жігерлі жауынгер азаматтардың бұл мерекесі әрдайым қуаныш пен бейбіт күндердің жарқын көрінісі бола берсін!

Сансызбай ЕСІЛОВ,
Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Құрметті Отан қорғаушылар!

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің атынан Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке – еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы жауапкершіліктің, патриотизмнің және азаматтық борышқа адалдықтың жарқын көрінісі. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, қызметтеріңізге табыс тілеймін! Елімізде бейбітшілік пен келісім салтанат құрсын!

Зулфухар ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

ОҢАЛТУ ҚҰРАЛДАРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ОҢ ӨЗГЕРІС БАР

Бүгінде мүгедектігі бар жандарды оңалтудың техникалық құралдарының (ОТҚ) жекелеген түрлерімен тегін қамтамасыз етудің жаңа тетігі енгізілді. Жоба 2030 жылға дейінгі инклюзивті саясат тұжырымдамасы аясында әзірленіп, қолдау жүйесін мейлінше тиімді әрі қолжетімді етуге бағытталған. Алайда оңалту құралдарын ауыстыру кезінде олардың техникалық жай-күйі мен тозу деңгейі ескерілмейді, ал пайдалану кезеңінде жөндеу жұмысы қарастырылмаған еді. Осы құралдардың кепілдендірілген сомасын қайта қарау бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті басшысы Асқар АЙМАҒАМБЕТОВТЕН сұрап білген едік.

– Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау жүйесін жаңғырту шеңберінде реформаларды тұрақты негізде жүргізуде. Негізгі мақсат – адамның нақты қажеттіліктеріне бағдарлана отырып, оңалтудың сапасын, қолжетімділігін және тиімділігін арттыру. Аталған шаралар Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі инклюзивті саясат тұжырымдамасы аясында іске асырылуда. Бұл құжат 2024 жылы бекітілген.

– Осы жылдың сәуір айында әлеуметтік қызметтер порталы арқылы оңалту техникалық құралдарымен қамтамасыз ету тәртібін реттейтін бұйрықтарға өзгерістер енгізілді. Сол туралы толығырақ айтып берсеңіз.

– Инклюзивті саясат тұжырымдамасын іске асыру шеңберіндегі негізгі өзгеріс – ОТҚ құнын қалыптастыру процесін толық цифрландыру және адами факторды болдырмау. Бұрын кепілдендірілген сома алдыңғы қаржы жылындағы орташа баға көрсеткіштері негізінде үш дереккөз бойынша комиссия арқылы анықталатын: әлеуметтік қызметтер порталының деректері, мемлекеттік сатып алулар және әлеуетті жеткізушілердің коммерциялық ұсыныстары. Жаңа әдістеме бойынша кепілдендірілген сома әлеуметтік қызметтер порталы мен электрондық дүкен деректерін ескере отырып есептеледі. Бұл ашықтықты, объективтілікті және бірыңғай тәсілді қамтамасыз етеді.

– Іс жүзінде бұл теңгерімсіздіктерді жоюға мүмкіндік бере ме?

– Иә. Мысалы, электрондық дүкенде мүгедектер арбасының құны шамамен 200 мың теңге болса, бұрынғы тәсілдер кезінде оның бағасы әлеуметтік қызметтер порталында 400-500 мың теңгеге дейін жетуі мүмкін еді. Қазіргі таңда жүйе артық төлемсіз, нарықтағы әділ бағаға бағдарланады. Бұл ретте мемлекет адамдардан үнемдеп отырған жоқ – ол негізсіз шығындарды жою арқылы мұқтаж азаматтарды сапалы ОТҚ-мен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін атап өту маңызды. Өз кезегінде босатылған қаражаттар жүйені дамытуға, оның ішінде оңалтудың тиімділігі мен қалпына келу жылдамдығын арттыратын заманауи, технологиялық және қымбат құралдарды енгізуге бағытталуда. Жаңа тәсілдер әлеуметтік қорғау саласын дамыту ұлттық ғылыми орталығы арқылы іске асырылуда – бұл халықты әлеуметтік қорғау саласында заманауи шешімдерді енгізетін арнайы алаң екенін қосымша хабарлаймыз. Бүгінгі таңда жоба Ақтөбе, Қарағанды және Павлодар облыстарында жүзеге асуда.



– Оңалтуға арналған техникалық құралдардың қатарына не кіреді? Жаңа тетік қалай жұмыс істейді?

– Мысалы, мүгедектігі бар адамдар арбасы, жүруге көмектесетін құралдар және т. б. мүгедектігі бар адамдарға тұрақты түрде емес, уақытша, тегін пайдалануға беріліп, кейін қайтаруды қарастырады. Бұл тәсіл қолданыстағы жүйені толықтырып, оны неғұрлым икемді етеді: енді тек пайдалану мерзіміне ғана емес, сонымен қатар жабдықтың нақты жағдайына баға беріледі. Осы мақсатта құрылған әлеуметтік-техникалық сараптама қызметінің мамандары техникалық оңалту құралдарының жағдайын, тозу деңгейін бағалап, оларды әрі қарай пайдалану, жөндеу немесе мерзімінен бұрын ауыстыру туралы шешім қабылдайды. Егер құрал әрі қарай пайдалануға жарамсыз деп танылса, ол жойылуға жатады да, белгіленген пайдалану мерзіміне қарамастан, жаңа құрылғыға ауыстырылады. Ал қолдануға жарамды деп танылса, жөнделген құралдарды қайта пайдаланып, жаңа ТҚО алуын немесе өз құралының жөнделуін күтіп отырған мүгедектігі бар адамдарға уақытша ұсынылуы мүмкін. Бұл ретте Астана қаласының мүгедектігі бар адамдарына айтқымыз келетіні, жеке пайдалануға арналған құралдар, мысалы, протездер жаңа жобада қарастырылмайды. Биыл іске асыруға жоспарланған жоба мүгедектігі бар адамдардың үздіксіз оңалуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ техникалық құралдарды уақытылы пайдалану мен олардың өңірлерде қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Жалпы пилоттық жобаға 40-тан астам түрлі техникалық құралдар, оның ішінде жүріп-тұру құралдары (мүгедектігі бар жандар арбасы, жүруге арналған тірек, балдақ және т. б.) енгізілген.

Сұхбаттасқан
Айгүл УАЙС

№53 (4951) 07/05/2026 Бейсенбі



ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫНА ҚҰРМЕТ

Ұлы Жеңістің 81 жылдығы қарсаңында Рейхстагқа алғаш ту тіккен батыр, Қазақстанның Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев ескерткішінің маңына әскери ұйымдар мен ардагерлер кеңестерінің зейнеткерлері, С.Нұрмағамбетов атындағы әскери колледждің ұландары жиналды.

Батырға тағзым ету салтанаты «Мұрагер» бейбітшілік шарты әскери күштері ардагерлерінің республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен, Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің қолдауымен өтті. Іс-шараға даңқты батырдың ағайын-туыстары, қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов, Астана қаласы Алматы ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин қатысты.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны шырқалған соң, батыр ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Қаһарманның жерлесі, қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов батырдың ерлігімен көптен таныс екенін, жақын ағайындарынан естігендерін айтып, кезінде Тың өлкесінен шыққан басқа да батырлар туралы әңгімелеп, олардың есімін еске алды. Рақымжан Қошқарбаевтай ағасының ерлігі мен өрлігі туралы көп оқығанын да баяндады.

Астана қаласы Алматы ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Кәрімұлы қаһарманның өмір жолына кеңінен тоқталды. Соғыстан кейінгі атқарған жұмысынан жастарға көптеген мағлұмат берді. Бұдан соң «Мұрагер» бірлестігінің өкілдері, батырдың туысқандары сөз сөйлеп, ойларын ортаға салып, келер ұрпаққа үлгі болар жерлес батырдың ерлігін баяндады.

Жиында жауынгер атамыз өзі сияқты батыр жігіт Григорий Булатовпен Рейхстагқа жеңіс туын тіккені, соғыстан кейін Эльба өзені бойындағы әскери бөлімде қызмет атқарғаны, 1947 жылы Ақмола облыстық атқару комитетінде нұсқаушы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы қоныс аударушылар жөніндегі бас басқармада инспектор, одан соң «Алматы» қонақ үйінің директоры болғаны айтылды. Себебі оның ерлігі – ұрпаққа үлгі.

Қаһарман батырға тағзым ету – әр азаматтың борышы. Осындай батырларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Жиналған қауым «Бұдан былай соғыс болмасын, аспанымыз ашық болсын!» деп тарқасты.

Баянды ӘЛПИ,
Астана қаласы Алматы ауданы ардагерлер кеңесі медиатобының жетекшісі

ЖАС ҰРПАҚҚА ЖОЛ КӨРСЕТКЕН

Тәуелсіздіктің елең-алаң шағында Қазақстанның Қарулы күштерін құру оңай болған жоқ. Сол уақытта әсіресе әскери кадрдан тапшылық қатты байқалды. Бірте-бірте кадр қалыптасты. Бұл іске генерал-лейтенант, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Абай Тасболатовтың қосқан үлесі бар.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Отан қорғаушы күні мен Жеңіс күні қарсаңында елордада Абай Бөлекбайұлымен «Мәңгі өшпес ұлы ерлік» атты патриоттық кездесу өтті. Астана қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты М.Әуезов атындағы Орталық қалалық кітапхана ұйымдастырған жиынға Ұлттық ұланның 6636 әскери бөлімі сарбаздары мен «Тұран» колледжінің студенттері қатысты.

Абай Тасболатов Ташкент және Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищелерін, М.Фрунзе атындағы Әскери академияны үздік бітірді. Взвод командирі, рота командирі, батальон командирі жолдарынан өтті. Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесі жанындағы запастағы және кадрлық офицерлерді дайындау бөлімшесін, Мемлекеттік қорғаныс комитеті жанындағы жоғары оқу орындары және әскери емес штаб дайындығы бөлімінің бастығы болды. Содан соң Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищенің тізгінін қолына алды. Бұл – Қазақстан Қарулы күштері әлі құрылмаған кез, нақты айтқанда, 1992 жылдың наурызы.

– 90-жылдары елде әлеуметтік-экономикалық жағдай қиын еді. Азық-түліктен, жанар-жағармайдан тапшылық көрдік. Жалақы да кешігіп берілетін. Сондай жағдайдан абыроймен шыға білдік. Қазір бұл түс сияқты. Бірақ осының бәрін бүгінгі ұрпақ білуі керек. Патриоттық тәрбие, патриоттық сезім адамға жайдан-жай келмейді. «Мен Отанды сүйемін» деп сөзбен айту жеткіліксіз, оның бағыты көп. Соның бір бағыты – тарихты білу. Бұрынғы мен бүгінгі тарихты да білген жөн. Біздің бір ерекшелігіміз – көпұлтты елміз. Мықтылығымыз да сол бірлігімізде, – деді Абай Тасболатов.

Училищеден кейін Абай Бөлекбайұлы Әскери академияны басқарды. Петропавл қаласындағы Ұлттық ұлан академиясының қалыптасуына, оқу бағдарламасының әзірленуіне атсалысты. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, Республикалық ұланның қолбасшысы болды. Парламент Мәжілісінің депутаты кезінде бірқатар маңызды заңның қабылдануына үлес қосты. Оның шәкірттері қатарында бұрынғы Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов, қазіргі Бас штаб бастығы Қаныш Әбубәкіров, Құрлық әскерлерінің бас қолбасшысы Мереке Көшекбаев есімдерін атап өтуге болады. Бір сөзбен айтқанда, Абай Тасболатов Қазақстанның Қарулы күштерінің қалыптасуына, жастардың тәрбиесіне сүбелі үлес қосты. Кездесуде ол патриоттық, отаншылдық туралы келелі әңгіме өрбітіп, тәжірибесімен бөлісті. Әже тәрбиесінде өскенін, 5-сыныптан бастап әскери адам болуды армандағанын айтқан Абай Бөлекбайұлы әжесінің «Алланы аузыңнан тастама. Басқа ұлттың әйелін алма. Ешкімнің ала жібін аттама» деген өсиет қалдырғанын да айтып өтті.

«Тәуелсіздігімізге биыл 35 жыл толады. Бұл аз уақыт емес. Соның игілігін көріп отырмыз» деген Абай Бөлекбайұлы кешегі кеңес заманы мен тәуелсіз Қазақстанның айырмашылығы туралы, кітап оқудың пайдасы жайлы айтты.

«Кітапқа, спорт құралдарына, өнер үйренуге, балаларды дамытуға ақшаны аямау керек. Мен қайда жүрсем де өзіммен кітаптарды арқалап жүрдім. Өзіңмен бірге қағаз бен қаламды да алып жүрген артық етпейді. Менің, мысалы, кезінде ұлы Абайдың, әл-Фарабидің даналық сөздерін жазып алғаным бар» деді Абай Тасболатов.

Жуырда Абай Бөлекбайұлы «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Оның айтуынша, қазір елімізде 2 млн 500 мың зейнеткер бар. Ол ардагерлермен жұмыс жайында да айтып өтті.

Астана қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева кездесудің тақырыбы туралы ой өрбітіп, жиналғандарды келе жатқан мерекелермен құттықтады. Кітапханашы Жанна Шеризатқызы кездесуді мазмұнды етіп жүргізді. «Абай Бөлекбайұлы – тек әскери қайраткер ғана емес, ұлт рухын көтерген, жас ұрпаққа жол көрсеткен тұлға» деді кітапханашы. «Мәңгі өшпес ұлы ерлік» тақырыбындағы кітап көрмесі ұйымдастырылып, жиналғандар қонаққа сұрақтарын қойды. Кездесу жиналғандардың «Көк тудың желбірегені» әнін шырқаумен аяқталды.



ЕЛІН ҚОРҒАУ – ЕР ЖІГІТТІҢ БОРЫШЫ

Астана қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №11 көпшілік кітапханасында «Отан қорғау – ер жігіттің парызы» атты тақырыптық кездесу өтті.

Оған ҚР Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімінің қызметкерлері қатысып, жастарға әскери қызметтің маңызы мен ерекшелігі туралы кеңінен ақпарат берді. Басты мақсат – жас ұрпаққа Отан алдындағы азаматтық борыш пен жауапкершілікті түсіндіру, патриоттық сана мен азаматтық ұстанымды қалыптастыру, ерлік пен тәртіп құндылықтарын дәріптеу. Кездесу барысында қонақтар Ұлттық ұланның ел тыныштығын сақтаудағы рөлі туралы баяндап, әскери қызметтің күнделікті тыныс-тіршілігі мен жауынгерлік дайындығы жайында әңгімеледі. Сонымен қатар ҚР Ұлттық ұланының академиясына оқуға түсу шарты таныстырылып, арнайы бейнероликтер ұсынылды. №108 мектептің 10-сынып оқушылары әскери қызметкерлерге өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, мазмұнды сұхбат құрды. Кештің көркін арттырған Ұлттық ұлан оркестрінің дәстүрлі әншісі Олжас Мұхтарұлы «Қазағым» патриоттық әнін орындап, көрермендерге ерекше әсер сыйлады.





Сондай-ақ қалалық Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі мен Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында патриоттық кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараға құрметті қонақтар ретінде генерал-майор, заң ғылымдарының докторы Сейітжан Қойбақов пен Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департамент басшысының орынбасары Бауыржан Балғабеков қатысты.

Сейітжан Қойбақов «Батырлықтың алтын бесігі – Жуалы» кітабының авторы. Бұл еңбек – батырлық пен отаншылдық рухты дәріптейтін тағылымды туынды. Кітаптың алғашқы бөлімі Кеңес Одағының Батыры, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының өмірі мен ерлік жолына, оның ұлттық руханиятағы айрықша орны мен өнегесіне арналған. Батырдың қайсар мінезі мен елге, жерге деген сүйіспеншілігі жас ұрпақ үшін мәңгілік үлгі ретінде сипатталады. Екінші бөлімде автор өз әкесі мен сұрапыл соғыс жылдарының ауыр тағдырын, Отан үшін от кешкен сарбаздардың ерлік рухын жүрек тебірентер естеліктер арқылы баяндайды. Бұл бөлім жас буынды елге адал қызмет ету мен патриоттық сезімнің маңызын терең түсінуге жетелейді. Үшінші бөлім қазіргі заманғы патриотизмнің мәні мен тарихи жадыны сақтау мәселелеріне арналса, автор ел тарихын білу мен оны қастерлеудің ұлттық бірегейлікті сақтаудағы шешуші рөлін атап көрсетеді.

Кездесуде автор әскери-патриоттық тәрбие туралы, Бауыржан Момышұлы мен өзге де батырларымыздың ерлігін, адамдық болмысын кеңінен насихаттау керектігін, әсіресе бұл жұмыс мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында жүйелі түрде жүргізілуі тиістігін айтты. Рухани және әскери тәрбие ұлт болашағын сақтаудың ұтымды жолы екенін еске салды.





ТҮЛЕКТЕР ӘСКЕРИ АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бас ғимараты алдында әскери кафедра түлектерінің салтанатты ант қабылдау рәсімі өтті. Іс-шара 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр – Жеңіс күні және университеттің 30 жылдығына орай ұйымдастырылды.

Салтанатты жиын басқарма төрағасы – ректоры Ерлан Сыдықов бастаған профессорлар-ұстаздар, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкілдері, Қарулы Күштердің ардагерлері, түлектердің ата-аналары және басқа да құрметті қонақтар қатысты.

ЕҰУ Әскери кафедрасының бастығы, генерал Еділ Оразов салтанатты рәсімде сөз сөйлеп, түлектерді маңызды кезеңмен құттықтады. Ол: – Бүгін – сіздер үшін ерекше әрі жауапты күн. Әскери ант – бұл жай ғана рәсім емес, бұл Отан алдындағы қасиетті міндетті мойындау. Еуразия ұлттық университетінің әскери кафедрасында алған білімдеріңіз сіздерге тек кәсіби тұрғыда ғана емес, азаматтық ұстанымдарыңызды қалыптастыруда да үлкен негіз болды. Сіздер – еліміздің болашағы, тәуелсіздігіміздің тірегісіздер.

Қазіргі заманның сын-қатерлері әрбір азаматтан жоғары жауапкершілік пен дайындықты талап етеді. Сондықтан сіздердің бойларыңыздағы білім мен тәртіп, патриоттық рух – Қазақстанның қауіпсіздігі мен тұрақтылығының кепілі. Бүгін әскери ант қабылдай отырып, сіздер шынайы Отан қорғаушылар қатарына қосылдыңыздар. Осы мәртебелі атаққа лайық болып, Қазақстанның дамуы мен өркендеуі жолында адал еңбек етіңіздер. Баршаңызды әскери ант қабылдауларыңызбен құттықтаймын!, – деді.

Салтантты шараға келген ата-аналар да лебіздерін білдіріп, қуаныштарымен бөлісті.

«Бүгін – біз үшін ерекше қуанышты әрі толқулы күн. Балаларымыздың әскери ант қабылдап, ел алдында жауапкершілік жүгін арқалауы – әр ата-ана үшін үлкен мақтаныш.

Осы уақытқа дейін оларға білім мен тәрбие берген университет ұжымына, әскери кафедра ұстаздарына шынайы алғысымызды білдіремін. Бүгінгі жетістік – ұстаздардың еңбегі мен балаларымыздың табандылығының нәтижесі.

Біз жақсы білеміз, ЕҰУ әрдайым жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды мақсат етеді. Әскери кафедра – осы бағыттағы маңызды буындардың бірі. Мұнда алған білімдеріңіз бен дағдыларыңыз сіздерге болашақта үлкен мүмкіндіктер ашатынына сенімдімін.

Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі – сіздер секілді білімді, отансүйгіш жастардың қолында. Баршаңызды әскери ант қабылдауыңызбен құттықтаймын! Алдағы өмір жолдарыңызда табыс, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге сәттілік тілеймін» деді ата-аналар атынан сөз алған түлек Ділназ Қожановаңың анасы, адвокат Аида Жанқарақызы.



Іс-шара барысында көпшілік назарына отандық Besqaru зауыты өндірген TAIMAS, AIBAR және өзге де брондалған доңғалақты техникалар ұсынылды. Сонымен қатар бағдарлама аясында арнайы тактикалық және көрсетілімдік қойылымдар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, TAIMAS жауынгерлік машиналарын пайдалана отырып барлау тобының іс-қимылдары көрсетілді. Бұдан бөлек, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Құрмет қарауылы ротасы дефиле орындап, Қорғаныс министрлігінің Арнайы операциялар күштерінің әскери қызметшілері қоян-қолтық ұрыс элементтерін паш етті.

«Салтанатты жиынымыз ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі құрмет қарауылының Ту ұстаушыларымен басталды. Еліміздің біртұтастығы тумен өлшенеді. Бір тудың астына жиналу деген – елдегі тұрақтылықтың кепілі! Байрағымыздың жерге жығылмауы үшін ақтық демі қалғанша күрескен бабаларымыз қаншама. Еліміздің туы – Отанға деген махаббаттың, бүгінгі ант қабылдаушылардың ол үшін жанын пида етуге дайын екендігінің бір айғағы» деді полковник Атығай Балғабеков.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, аталған іс-шара жас буынның патриоттық рухын қалыптастыруға, әскери дәстүрлерді нығайтуға және студенттердің кәсіби даярлық деңгейін арттыруға бағытталды.

– Бүгін – біз үшін ерекше әрі ұмытылмас күн. Әскери ант қабылдау – әрқайсымыздың өміріміздегі үлкен жауапкершіліктің бастауы. Университет қабырғасында алған біліміміз бен әскери даярлығымыз бізді тек маман ретінде ғана емес, елін қорғай алатын азамат ретінде қалыптастырды.

Бізге білім мен тәрбие берген ұстаздарымызға, әскери кафедра оқытушыларына және ата-аналарымызға алғысымыз шексіз. Олардың сенімі бізге әрдайым күш береді.

Бүгіннен бастап біз Отан алдындағы қасиетті борышымызды абыроймен атқаруға дайынбыз. Қазақстанның тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін аянбай қызмет етуге ант етеміз» деді түлек Мерей Сарқытов.

